

4. *Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan narodu Kazahstana. Novyi Kazahstan v novom mire. [Message from the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan. New Kazakhstan in the new world] - Astana, 2007*

5. *"Gosudarstvennaia programa funkcionirovaniia i razvitiia iazykov na 2011-2020 gody", utverjdennaia Ukazom Prezidenta Rosiskoi Federasii ot 29.06.2011 ["State Program for the Functioning and Development of Languages for 2011-2020" Approved by Presidential Decree of 06/29/11]*

6. *N. A. Nazarbaev Sosiálnaia modernizatsia Kazahstana: dvadsät şagov k Obşestvu vseobşego truda // Kazahstanskaia pravda. [N.A. Nazarbayev Social modernization of Kazakhstan: Twenty steps to the Society of Universal Labor // Kazahstanskaya Pravda.] - 2012. - № 218-219.*

МРНТИ 17.01.45

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.86>

Әбдіқалық К.,¹ Алиева Ж.,² Куланова М.³

^{1,2,3} Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

МЕКТЕПТЕ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістерін таңдау, оны қалай тиімді пайдалану қажеттілігіне баса назар аударылып, қазақ әдебиеті пәнінен мектепте өтілетін прозалық шығармалар жайында сөз етіледі. Сондай-ақ көркем шығармаларды тиімді әдіс-тәсілдермен оқыту арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын да дамыту мәселесі қарастырылады. Оқушыларға прозалық туындыларды оқытуда «аялдай отырып оқу», «АПФ» дебат әдісі, кубизм, кешкі жаңалықтар, т.б. әдіс-тәсілдерді қалай қолдануға болатындығы және бұлардың қай сыныптарда қолданған тиімді екендігі толық қамтылған. Ең тиімді әдістерді саралағанда да қазақ әдебиеті сабағында мәтінмен жұмыс жасау мәселесі алдымен назарға ілінуі керек-ті. Прозалық шығармаларды мәтіннен мысалдар келтіре отырып жаңаша әдістермен оқыту арқылы оқушылардың оқу мақсаттарын орындаудағы қалыпты дағдыларын қалыптастыратыны да зерделенген.

Түйін сөздер: жаңартылған білім беру жүйесі, оқыту, проза, сын тұрғысынан ойлау, ой толғаныс, стратегия, әдіс-тәсілдер

K.Abdikalyk.,¹ Zh.Alieva.,² M.Kulanova³

^{1,2,3} *Kazakh National Wemen's teacher training University,
Almaty, Kazakhstan*

EFFECTIVE METHODS OF TEACHING PROSAIC WORKS AT SCHOOL

Abstract

This article is devoted to the selection of modern teaching and learning methods in the updated educational content, methods for their effective use, the prose works that are studied in the school on Kazakh literature are analyzed. Also addresses the issue of developing students' critical thinking through the effective teaching of art compositions.

The article covers the most effective methods such as reading with stops, the APF debate method (*American Parliamentary Format*), cubism, evening news when teaching prose works at school and in which classes they are more effective.

The development of students' skills in realizing learning goals and creative abilities, using modern educational technologies in the process of studying art compositions.

Keywords: updated educational system, training, prose, critical thinking, reflection, strategy, methods

Әбдіқалық К.,¹ Алиева Ж.,² Куланова М.³

^{1,2,3}Казанский Национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казакстан

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЕ ПРОЗОИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ В ШКОЛЕ

Аннотация

Данная статья посвящена выбору современных методов преподавания и обучения в обновленном содержания образования, способам их эффективного использования, анализируются прозаические произведения, которые изучают в школе по казахской литературе. Также рассматривается вопрос о развитии критического мышления учащихся посредством эффективного преподавания художественных произведений.

В статье охвачены наиболее эффективные методы такие как «чтение с остановками», метод дебатов «АПФ», кубизм, вечерние новости при обучении прозаических произведений в школе и в каких классах они эффективнее.

Развитие у обучающихся навыков реализации целей обучения и творческих способностей, используя современные образовательные технологии в процессе изучения художественных произведений.

Ключевые слова: обновленная система образования, обучение, проза, критическое мышление, рефлексия, стратегия, методы

Кіріспе. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістерін таңдау, оны қалай тиімді пайдалану қажеттігін ойлағанда ХХ ғасырдың басында-ақ жазған Ахмет Байтұрсыновтың «Қай әдіс жақсы?» мақаласындағы «Жалғыз әліпби үйретудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Сол әдістерді әр әдісқой өзінше өзгертіп қолданған түрлерін сөз қылса, әдіс түрлерін түгелдей алмас едік. Бүкіл Жауропа әдісқойларының тұтынған әдістерін түгендемей, жалғыз орыстың ғана әдісқойларын алып сөз қылар болсақ, оның өзі әлденеше журнал бетін аларлық сөз болар еді» [1, 108 б.] деген пікірі еріксіз еске түседі. Демек, орта мектепте прозалық шығармаларды оқытудың әдіс-тәсілдерін қарастырғанда олардың молынан ұшырасуы да заңдылық. Ең тиімді әдістерді саралағанда да қазақ әдебиеті сабағында мәтінмен жұмыс жасау мәселесі алдымен назарға ілінуі керек-ті. Бұл тұрғыда ғалым-әдіскер Ә. Қоңыратбаев кеңес дәуірінде-ақ «...нақты мәтінді оқудан өткізуге мән бермей, кейбір мұғалімдер кіріспе сөз бен лекция тұсында шығарманың мазмұнын өзі айтып беріп, сол тұста оның образдарын да алдын ала талдап береді. Дұрысында оқу, талдау балалардың өз тәжірибесіне негізделуге тиіс. Әйтпесе бала мәтіннен қол үзеді» [2,113 б.] деп орынды ескерткен болатын.

Сонымен, бүгінде қазақ әдебиеті пәнінен мәтінмен жұмыс жасауда «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған сын тұрғысынан ойлауды басшылыққа алады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын жарыққа шығарған американдық педагогтар Дж.Стил, К.Мердит, Ч.Темпл, С.Уолтердің пікірінше оқу міндетті түрде белсенді болуы керек. Ал белсенділіктің тек оқушының сабақты білуге, оны меңгеруге құлшынысы оянса ғана пайда болатыны тағы белгілі. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе «бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сыни тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді» [3,45 б.] екен.

Жаңартылған білім беру жүйесі бойынша оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға үйретуде мұғалімдер қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс тәрізді үш кезеңнен тұратын сын тұрғысынан ойлау стратегиясын тәжірибесінде пайдаланып жүр. Қызығушылықты оятуда қолдануға болатын әдіс, тәсілдер оқылатын мәселелер бойынша не білетінін еске түсіреді, ақпаратты жүйелейді және мұнда жауап алуға қажетті сұрақтар қойылатыны белгілі. Жаңа ақпаратпен танысуда сын тұрғысынан ойлау стратегиясының «мағынаны ашу» екінші кезеңінің де маңызы зор. Бұл кезеңде негізгі тақырыпқа байланысты бейнебаян көру, әңгіме, мультимедиялық құралдарды пайдалануға болады. Оқушылар жаңа тақырып материалдарын меңгеруде алдына қойған мақсаттарына жету үшін белсенді әрекет етіп, сабақтың бірінші кезеңінде қойылған сұрақтарға да белсенді түрде жауап

іздеуге ұмтылды. Тапсырмалар бойынша әр топ постер жасап, қойылған сұрақтарға мәтіннен жауап іздеп, оның тұжырымын жасайды, барлық топтың оқушылары өзіндік сыни пікірлерімен үлесін қоса алды. Ең бастысы бір-бірімен жалғасып жатқан мәтіннің сырын оқушылар өзара бір-біріне түсіндіру, ашық пікірталасу барысында толыққанды меңгерді. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясының үшінші кезеңі «Ой толғау» әрбір жеке тұлғаның шығармашылық белсендігін тануға тиімдірек екен. Жалпы, мұғалім оқытуда қолданатын әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыруға ұмтылады.

Әдістеме.Әдебиет сабағында көркем мәтінді оқыту үшін осы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясындағы бірнеше әдіс-тәсілдерді тиімді қолданған жөн. Айталық, *аялдай отырып оқу*, «АПФ» *дебат әдісі*, *кубизм*, *кешкі жаңалықтар әдісі*, т.б.

«*Аялдай отырып оқу*» әдісін көбіне орта буын сыныптарда қолданған тиімді. Әсіресе 40 минут ішінде оқып, мәтін бойынша жұмыс жүргізуге мүмкін болатындай көлемдегі шығармаларды таңдап алған жөн. Әдетте орта буын сыныптарда әдеби мәтін үйде оқытылады. Әдебиет пәні бағдарламасына енген прозалық мәтіндер көбіне 2-3 сағат көлемінде оқытылады. Солай бола тұра кейбір прозалық шығармаларды үйде оқығаннан гөрі сыныпта оқытқан тиімді. Себебі мектеп бағдарламасындағы мәтіндердің ішінде тілі, композициялық құрылымы жағынан күрделі болып, оқушының өздігінен оқығанда мағынасын бірден түсініп, мазмұнды игере алмайтын мәтіндер де бар. Ондай шығармалар қатарына 7-сыныптағы М.Әуезовтың «Көксерек», Қ.Қайсеновтың «Жау тылындағы бала», С.Сарғасқаевтың «Тәмшіш қара» сияқты шығармаларын жатқызуға болады. «*Аялдай отырып оқу*» әдісінің тиімділігі мол. Мұнда оқушыға мәтінді мағыналық бөліктерге бөле отырып оқытып, әр бөлік сынып бойынша оқылғаннан кейін талқылау, мағынаны айқындай түсу тәсілдері жүргізіліп отырады. Осының нәтижесінде мәтінді оқығанда толық түсіне алмайтын оқушылар талқылау кезеңінде шығарма мазмұнын жақсы түсініп, игере түседі. Мәтінді бөліктерге бөлгенде шығарманың композициялық құрылымы ескерілетіні белгілі.

Мысалға, М.Қабанбаевтың «Бауыр» әңгімесін оқиға желісі мен композициялық құрылымына қарай төрт бөлікке бөлген тиімді. Бірінші бөлік шығарманың басынан «*Төмен қарап, көзімен жер сүзу Манаптың, қала берді Төркелді тұқымының маңдайына жазылған қасиет екенін бір көрген директор қайдан білсін?! ...*» деген тұсқа дейін белгіленіп алынды. «Бірінші аялдамада» талқылауға бірнеше сұрақ ұсынылады. Бірінші бөлік оқылғаннан кейін сыныпқа мәтін мазмұнын меңгергенін анықтау мақсатында төмендегідей сұрақтар қойылады: 1. Манап кім? 2. Ол қайда және қандай мақсатпен келді? 3. Директор Манапты қалай қарсы алды? 4. «*Орынсыз мылжыңдап, түн қатып, түс қашып келген қонағымды шаршатып алдым ба?...*» дегенді қалай түсіндіңдер? Сұрақ бойынша талқылау аяқталған соң оқушылар екінші бөлікті оқуға ойысады.

Екінші бөлік: «*...- Жә, оның бәрін бүгін ертең көзбен көріп, қолмен ұстай жатарсыз. Жатақхана есебінен бөлінген шығын, шағын да болса қонақжай бөлмелер бар...*» деп басталып, «*...Мен Қалиды ертіп шығайын. Кешіксек, кешіріңіз. Спортшылардың жаттығудан соң жуынып, тер басатынын өзіңіз де білесіз...*» деген тұсқа дейін оқылады. «Екінші аялдамада» да сұрақ-тапсырмаларымен жұмыс жүргізіледі. Негізгі мақсат та мәтіннің ішкі мазмұнын терең меңгерту болмақ. Оқушының назарынан тыс қалған кейбір детальдарға да көңіл аудартып отырамыз: 1. Балалар үйі, оның болашағы туралы директор қандай әңгіме айтты? 2. Қали кім? Оның портреттік сипаттамасы қандай?

3. Қали мен Манаптың кездесуі қандай жағдайда өтті?

Үшінші бөлік: «*...Тығыз қара шашы ұсақ-ұсақ бұйра, қол-аяғы тарылып қалған, кең иықты болмаса да, ешкімнен қарызға жауырын сұрай қоймайтын кішірек көзді ақ сұр бала, дұрысы бозбала, сыртқа серпінгендей басып шыға келгенде, Манап орнынан ұшып тұрды ...*» деген тұстан басталып, «*Қали ше? Төмен салған кірпігі көзін көлегейлепті. Не ойлап отырғаны белгісіз. Қолдарын айқастырып салған күйі бауырына тығып, іші ауырғандай еңкейіп отыр...*» деген сөйлеммен аяқталады. «Үшінші аялдамада» қойылатын сұрақтар: 1. Қали неліктен балалар үйіне берілген? 2. Қалидың күлімсірегенінен Манаптың тұла бойы неге дір ете қалды? 3. Қали неге жазғы лагерьге бармай қалған? 4. Не себепті Қали ағасымен орыс тілінде сөйлесті? 5. Қали неліктен Манаптан әкесі туралы еш нәрсе сұрамады? «Үшінші аялдамада» мәтіннің мазмұны толық дерлік игеріледі. Тек оқиғаның шешімі ғана құпия. Әңгіме шешімінің тосын арнаға бұрылуы оқушының шығарманы дербес оқығанда аңғарылмауы себепті оның шешімін алдын-ала сыныптың талқылауына ұсынамыз. Яғни, «шығарма қалай аяқталады деп ойлайсыңдар?», «Қалай ойлайсыңдар, ағайынды Манап пен Қали түбінде табыса ма?», «Өздерің жазушы ретінде шығарманы қалай аяқтар едіңдер?» деген сауал

төңірегінде әңгіме-сұхбат жүргіземіз. Сыныптан бірнеше пікір туындауы заңды. Содан кейін ғана жазушының шешімін оқуға төртінші аялдамаға аяқ басамыз.

Әңгіме соңы: «...Манап демін жұтып, ақырын күрсінді. Еңкейіп, жерде тігінен тұрған дипломатын іліп алды да, алдына өңгеріп салып, аузын сырт ашты...», - деген тұстан басталып, «...Қалың будың арасынан қалқып шыққан «Волгага» қол көтергенін, шофердің кідіріссіз есік ашқанын, жұмсақ орындыққа аузы буылған қапшықтай сылқ етіп отыра кеткенін, «вокзал» деген сөзді әрең айтқанын біледі. Орындық арқалығын желкесіне жастап, басын артқа тастап жіберді де, көзін жұмды...» деген сөйлеммен аяқталады. «Төртінші аялдамада» оқушылар шығарманың аяқталу тұсынан жазушы шешімін оқи отырып, әңгімені басынан тағы бір саралауға көшеді. Бұл үдеріске мұғалім қатыспай-ақ, оқушылар өзді-өзі қызу талқылап кетеді. Сөйтіп, «аялдай отырып оқу» әдісі арқылы шығарма мазмұнының терең меңгерілетіні бұл әдістің тиімділігін аңғартады.

Сонымен бірге әңгімені сыныпта оқытудың тиімділігі де бірнеше қырынан байқалады. Біріншіден, аталған әңгіменің тілінің күрделілігі, кейбір тұрақты тіркестер мен фразалық оралымдардың көптігі терең қабылдауына біршама қиындық тудырады. Яғни, мәтінде «Етек-жеңінде желбіршіктері мол әрі ұзын етек жібек киіп, жел өтіне шыға қалса, Икар құсап дөңгеленіп айналып, аспанға ұшып кетер еді-ау», «Жерге қарап, әкеміз күрт шөккен. Соғыстан контузия алған адамнан не сұрарсың?», «Орындық қасында тұрған Манаптың тұла бойы дір етті. Көзін мұнар алды. Алға қарай емпендеп жөней бергені есінде» т.б. арнайы тоқталып анықтайтын сөз қолданыстары молынан ұшырасады. «Аялдай отырып оқыту» әдісі бойынша мәтіндегі осындай күрделі сөз оралымдары мен тіркестердің мән-мағынасы анықталады. Екіншіден, әңгіменің композициялық құрылымы да көп қабатты болып келеді. Себебі шығарманың ішінде бірнеше уақыт кеңістігі байқалады. Әңгімешінің шегініс жасауы, келесі бір кейіпкердің бастан кешкенін әңгімелеуі, баяндауы кездеседі. Оқырманның оқиға желісін, ішкі құрылымының аражігін дұрыс анықтауы үшін де аялдай отырып оқу арқылы жүргізілетін сұрақ-тапсырмалардың көмегі мол. Үшіншіден, шығарманың тұтас композициялық құрылымына талдау, шығарма мазмұнын терең меңгеріп, келесі сағаттарда образдық талдаулар жүргізу үшін көмектеседі. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға, негізгі мәселені жан-жақты қарастырып өз пікірін дәлелдеуге негізделген, шешендік шеберлігін шыңдайтын тиімді әдістердің бірі «АПФ» *дебат әдісі* болмақ. Америкалық Парламенттік Форматтағы (АПФ) әдісінде әрқайсысы екі ойыншыдан тұратын екі команда – Үкімет пен Оппозиция спикерлерінен тұратын ойыншылар қатысады. Пікірсайыс барысын палата спикері басқарады. Ол сонымен бірге сайыстың төрешісі қызметін атқарады. Егер раундта бірнеше адам төрешілік етсе, онда олардың арасынан бір палата спикерін таңдап алынады. Мысалы, сыныптан төрт оқушы таңдалып алынады да Үкімет пен Оппозиция командаларына бөлінеді. Командаларды тиын лақтыру арқылы анықтап аламыз. Тиынның сан жағы түскендер Үкімет, елтаңба жағы түскендер Оппозиция болады. Ал сыныптағы қалған оқушылар сайыстың төрешісі қызметін атқарады. Спикерлерге де, төрешілерге де қойылатын талаптар болады. Спикерлер берілген тақырыпты төмендегі ереже бойынша талқылайды:

1) Тақырыптың өзектілігі қандай? 2) Тақырыптағы кілт сөздерге анықтама беру; 3) Тақырыпқа сай қазіргі қалыптасқан жағдайға байланысты статистикалық мәлімет келтіру; 4) Өз позициясын дәлелдейтін кемінде үш аргумент келтіру және оны фактілермен толықтыру; 5) Позициясының нақты идеясын көрсететін және қорытындылайтын бір нақыл сөз немесе мақал-мәтел айту.

Дәл сол сияқты төрешілер шешімді мына талаптар бойынша шығарады:

1) Тақырыптың ашылуы бойынша; 2) Аргументтер дәлелділігі қай тарапта басым болды; 3) Қарсылықтар өтімділігі; 3) Спикерлік қызмет бойынша; 4) Идея басымдылығы бойынша.

Спикерлер мына тәртіп бойынша қызмет атқарады: Бірінші Үкіметтің 1-спикері шығып тақырыпты түсіндіріп өз позициясын дәлелдейтін аргументтер ұсынады. Екінші Оппозиция тобының 1-спикері үкіметтің бірінші спикері келтірген идеяға қарсылық білдіріп, өзінің пікірін дәлелдейтін аргументтер ұсынады. Үшінші Үкіметтің 2-спикері шығып, оппозиция спикері келтірген идеяға қарсылық білдіріп, өз позициясын қайта орнына келтіреді. Төртінші Оппозицияның 2-спикері шығып, Үкіметтің 2-спикеріне қарсылық айтып, өз позициясын дәлелдейді. Осымен ойынның негізгі бөлімі аяқталады. Негізгі бөлім аяқталған соң сараптама бөлімі басталады. Сараптама бөлімінде оппозицияның бірінші спикері шығып ойынға таза сараптама жасайды, содан соң Үкіметтің бірінші спикері шығып бір минут негізгі бөлімде өз ойын дәлелдеген екінші спикеріне қарсылық айтады да, қалған уақытта тек ойынға таза сараптама жасайды. Ойын уақытын және ережесін шатастырып алмау үшін мына кестені пайдалануға болады:

| Үкімет | Оппозиция |
|--|--|
| 1. Бірінші спикер 4 минут. | 2. Бірінші спикер 5 минут. |
| 3. Екінші спикер 5 минут. | 4. Екінші спикер 5 минут. |
| 5. Сараптама 4 минут (1 минут қарсылық, 3 минут таза сараптама). | 6. Сараптама 3 минут (таза сараптама). |

Мектепте прозалық шығармаларды оқытуда «АПФ» дебат әдісі өте тиімді. Себебі прозалық шығармаларды оқытуда образдарды ашу, автор идеясын анықтау сынды мақсаттарға жетуде таптырмас әдіс болып табылады. Айталық, 10-сыныпта оқытылатын Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романын оқушылар жан-жақты түсінуі үшін мына тақырып ұсынылады: *БП. Ақбілекке қарағанда Жамал бақыттырақ деп есептейді.* Үкімет командасы Жамалды бақыттырақ деп дәлелдесе, оппозиция командасы Ақбілекті бақыттырақ деп дәлелдеуі тиіс.

Тағы да мысал ретінде 6-сыныпта оқытылатын О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесін осы әдіспен оқытқан тиімді. Оқушыларға шығарма бойынша мынандай тақырып ұсынылады: *БП. Тортайдың бойындағы кертартпа бір қасиетті көрсетеді.* Екі команда да Тортайдың бойындағы кертартпа бір қасиетті көрсетіп оны дәлелдейді. Мысалы: Үкімет командасы Тортайдың бойындағы кертартпа қасиет өз-өзіне сенімсіздік деп дәлелдесе, Оппозиция мақсат қоя алмаушылық деп дәлелдеуі тиіс болады. Яғни, ойыншылар жеңіске жетуі үшін, ал төрешілер өз шешімдерін нақты дұрыс екенін дәлелдей алуы үшін міндетті түрде алдын-ала шығармаларды оқиды және жан-жақты ақпараттанып, өз пікірлерін қалыптастырады.

Кубизм кеңінен қолданылып жүрген әдістердің бірі болса да прозалық шығарманы жан-жақты талдауға оңтайлы. Кубизм стратегиясында кубиктің әр жағына «суреттеңіз», «салыстырыңыз», «ойға байланыстырыңыз», «саралаңыз; «қолданыңыз», «талқылаңыз» деген сияқты 6 көмекші сөздерді жазып, мұғалім осы тапсырма бойынша оқушыларға еркін айту мен жазуға уақыт береді. Мәселен, 9-сыныпта оқылатын Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» әңгімесін алайық. Алдымен, «Шұғаның белгісі» тақырыбы беріліп, одан соң оқушылар сол тақырып туралы берілген бағытпен еркін түрде өз ойларын жазады. Бұл іс-әрекет кубиктің алты жағындағы көмекші сөздерді түгел қамтып біткенге дейін жалғасады. Екінші, оқушылар өз ойларын жеткізуде басты кейіпкерлерді суреттейді. Үшінші, «Шұғаның белгісі» шығармасын М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романымен салыстырады. Екі шығарманың ұқсастығы мен айырмашылығы қандай? Шұға мен Жамалды салыстырыңыз. Төртінші, автордың басты идеясын саралайды. Бесінші, «Шұғаның белгісі» шығармасында көтерілген әлеуметтік мәселе қазіргі қоғамда кездесе ме? Сұраққа жауап берілу керек. Алтыншы, шығарма идеясына дискурстық анализ жасайды немесе қарсы пікір айтады. Әдіс бойынша оқушылар өз ойларында қалуға табандылық жасайды. Жазған кезде оқушылар кубтың 6 жағындағы сөйлемдерге жауап беруі керек. Алғашқыда өз көршісімен ой алмасып, өз ойын ортаға салады. Әр адам кубтың 3 жағын таңдап алып, сол туралы жазғанын өз серігіне оқып береді. Өз ойын ортаға салған кезде, бір ғана мақсат болады, яғни, қызу талқылап, ой алмасу керек. Сондай-ақ жұптың біреуі екіншісін қолдап «Жарайсың, өз жазғаныңды оқы, сенікі жақсы екен» деп құлшындыру да керек. Қысқасы, осы кубизм әдісі қанша рет қолданылып жатса да, идеялар мен пікірлердің әр түрлі болып келуінен оқушыларды жалықтыра қойған жоқ.

Оқу мақсаттарына жету барысында қолданылатын жаңаша әдістердің бірі – «*Кешкі жаңалықтар*» әдісі. 5,6,7-сыныптарда оқытылатын прозалық шығармаларды «Кешкі жаңалықтар» әдісімен оқытқан тиімдірек. Мәселен, Б.Алтынсариннің «Дүние қалай етсең табылады», «Атымтай Жомарт», Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа», Т.Нұрмағанбетовтың «Анасын сағынған бала», Н.Ақыштың «Нағыз әже қайда», С.Мұратбековтың «Жусан исі», Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» шығармаларын осы әдіспен оқытуға болады. Мұнда оқушылар «Евразия», «Астана», «Отыз бірінші», «Хабар» телеканалдары» деп аталатын төрт топқа бөлінеді. Топқа бөлінген соң оқушыларға өтіліп жатқан шығарманың мәтіні беріледі. Оқушылар берілген мәтіннен маңызды деп тапқан ақпараттарды анықтап, өздеріне берілген телеканалдың ерекшеліктеріне қарай сол ақпаратты жеткізуі керек. Бұл әдіс оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, маңызды ақпараттарды сұрыптауға және ақпараттағы негізгі ойды анықтап, оны көпшілікке жеткізуге машықтанады.

Нәтижелер. Еліміздің ғылыми-әдеби, рухани-мәдени дамуының негізгі қозғаушы күші болашақ тіл мен әдебиеттің кәсіби мамандары екені белгілі. Қазіргі білім алушылар, ертеңгі кәсіби мамандардың мемлекет білімі мен ғылымының дамуына белсенді араласуы олардың сапалы да нәтижелі білім алуына тікелей байланысты. Сапалы нәтижелер әлеуметтік қоғам сұранысына сай оқытуда белгілі бір қалыптасқан жүйе, заңдылықтар және ұстанымдардың көмегі арқылы жүзеге асады.

Оқытуды жетілдіру әрбір жеке тұлғаның сапалы білім алуына алғышарттар жасауға негізделеді. Яғни, білім алушының жеке даралық қасиеттері мен құндылықтарын ескере отырып, жалпы-адамзаттық құндылықтар мен заңдылықтарды игеруге бағытталған мазмұндағы білім беруге әкеледі.

Орта білімді жаңа технологиялар арқылы меңгерту оқушы игерген, қалыптастырған білік-дағдыларын адамзат игілігіне қолдану үшін сол ақпаратқа қол жеткізуге кең мүмкіншіліктер ашуды мақсат етеді. Білім беруді жаңа технологияларға негіздеп жүргізу дегеніміз – жеке тұлғаның танымдық және шығармашылық қабілеті мен мүмкіншіліктерін дамытуға бағытталған оқыту жүйелерін жасау. Ондай білім беру жүйелері психо-педагогикалық және дидактикалық тұрғыдан терең талданып, тексерілген жаңа технологиялар жүйесімен оқыту арқылы іске асады. Жаңартылған білім мазмұнының талаптары мен қажеттіліктеріне, әлеуметтік қоғам сұранысына сай оқыту жүйесінің жасалуы білім алушының алған білімін тиімді пайдалануда, сол секілді әдебиет сабағын оқып-үйренуде өзіндік бағыт-бағдар беріп, қалыптастырған білік-дағдыларын қолайлы пайдалануда маңызды рөл атқарады. Осыған орай, оқу мен оқытуда қолданылатын тиімді әдістердің қажеттілігіне назар аударсақ, жоғарыда талданған прозалық шығармаларды оқытудың әдістері өз нәтижелерімен тиімділігін көрсетіп келеді.

Талқылау. Мұғалім сабақ барысында үнемі теория мен практиканы байланыстырып отыруы қажет. Себебі, *теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы* классикалық философияның өмір, тәжірибе таным көзімен үйлестіруіне негізделген. Жалпы теорияны практикамен ұштастыру оқушыларға дұрыс бағыт-бағдар береді, оларды белсенді іс-әрекетке әзірлейді. Ол арқылы жеке тұлға қалыптасады. Оқытудың өмірмен, теорияның тәжірибемен байланысының жақсы болуы білім мазмұнына, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға әсер етеді. Әр тақырыпқа оқушының назарын аударту олардың сол білімді саналы игеруіне көмектесумен қатар, танымдық қабілеттерін де дамытады. Ол үшін оқушыларға «Кубизм» әдісін пайдалана мынандай тапсырмалар беруге болады: “Шұғаны белгісі” мен “Бақытсыз Жамал” әңгімелерінің ұқсастықтарын сипаттайтын элементтерге қатысты диаграмма құрастырыңыз, болмаса салыстырмалы кесте дайындаңыз. Мұндай тапсырмалар оқушылардың алған теориялық білімдерін іс жүзінде ұштастыруға көмегін тигізеді. Яғни, оқушылардың тың ақпараттармен жұмыс жасай білу қабілеті артады, кез келген қажетті ақпаратты талдай алады, өзіндік көзқарасы қалыптасады. Себебі, әдебиетті жете түсінудің негізі білім алушының көркемдік шығарманың әсерін сезіне білуінде. Яғни, Қ.Мырзағалиевтің еңбегінде сипатталғандай, «мұғалімнің оқыту тәжірибесіндегі ой жібере оқу, эвристикалық әңгіме жүргізу, зерттеу және репродуктивті әдістер мен оның әртүрлі амалдарын қолданудың бәрі де көркем шығарманы, әдеби теориялық ұғымдарды жете меңгеруді көздейді» [4, 4 б.].

Көркем шығарманы талдау барысында оқушылар тек оқып, оның мазмұнымен ғана танысып қоймайды, шығарманы жан-жақты талдай білуі қажет. Әдебиет пәнінің басты нысаны көркем шығарма болғандықтан оқушының белгілі бір мазмұнды меңгерудегі әрекетіне лайық өздігінен ізденуіне жетелейтін әдіс-тәсілдердің орны бөлек. Осыған орай, жалпы білім беретін орта мектепте прозалық туындыны оқыту барысында талдауға, идеясын түсініп, терең ұғына білуге негізделген әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады.

Сабақта оқушылардың білім-білік, танымдық деңгейін дамытуға негізделген ой қозғау, саралау, өзіндік пікір айту, көзқарасын тұжырымдау мақсатындағы проблемалық сипаттағы сұрау-тапсырмалар орындалу тиіс. Оқушының ой-өрісін, шығармашылық белсенділігін дамыту, өзіндік көзқарасын, өмірлік мұрат-мақсатын қалыптастыру, қоғамға сын тұрғысынан ой жібере білу сияқты жеке қасиетін тәрбиелеуге негізделген тапсырмалар да ұсынылады.

Қорытынды. Түйіп айтқанда, қазіргі заман талабына сай прозалық шығармаларды оқытуда оқушылардың қызығушылығын ояту үшін осындай тиімділігі мол әдіс-тәсілдердің көбеюіне ат салысуымыз керек. Өйткені осылайша көптеген тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану сабақтың тиімділігін арттырумен қатар, кез-келген мәселеде өзіне және өзгелерге де сыни көзқараспен тұщымды пікірін еркін де жүйелі айта алатын ұрпақты қалыптастыруға мүмкіндік әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы А. *Тіл тағлымы*. – Алматы, Ана тілі, 1992, 108 б.-кітап
- 2 Қоңыратбаев Ә. *Әдебиет пәнін оқыту әдістемесі*. – Алматы, 2005, 113 б.-кітап
- 3 *Студентке арналған нұсқаулық*. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015, 183 б.-кітап
- 4 Мырзағалиев Қ. *Мектепте әдебиет теориясы ұғымдарымен таныстыру*. – Алматы: Рауан, 1992. – 127 б.-кітап

References:

1. *Baitürsynūly A. Til taǵlymy*. – *Almaty, Ana tili*, 1992, 108 b.-kitap
2. *Qoñyratbaev Ä. Ädebiet pänin oqytu ädistemesi*. – *Almaty*, 2005, 113 b.-kitap
3. *Studentke arnalǵan nūsqaulıq*. «*Nazarbaev Ziatkerlik mektepteri*» *DBBÜ*, 2015, 183 b.-kitap
4. *Myrzaǵaliev Q. Mektepte ädebiet teoriasy üǵymdarymen tanystyru*. – *Almaty: Rauan*, 1992. – 127 b.-kitap

МРНТИ: 378.016: 811

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.87>

Абитова Ж.,¹ Сүлейменова Ж.²

^{1,2} *Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

**ҚАЗАҚ ТІЛІ СӨЗЖАСАМЫН ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА
ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

Аңдатпа

Мақалада қазақ тілі сөзжасамын студенттерге оқытуда жаңа ізденістер мен өзгерістер енгізу – уақыттың талабы екендігі сөз болады. Болашақ филолог мамандарды дайындауда қазіргі жаңартылған білім мазмұны аясындағы өзгерістерді ескере, қазақ тілі сөзжасамын оқытудың өзекті мәселелері сараланады. Сонымен бірге аталған мақала жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша қазақ тілі сөзжасамын оқытуда мүмкін болатын нәтижелер мен шешімдер ретінде әдістемелік стратегияларды анықтап береді. Пән бойынша академиялық біліммен қатар студенттер қазіргі заманда табысқа жету үшін талап етілетін сын тұрғысынан ойлау, проблема шешу, қарым-қатынас жасау және бірлесіп әрекет ету сияқты негізгі дағдыларды да меңгеруге тиіс. Мазмұнды нәтижеге бағытталған білім мазмұнын алмастыруға мән беріліп отырған оқу үдерісінде студенттерге жаңа технологиялар бойынша қолдау көрсетудің маңыздылығы мақалада дәлелденеді.

Түйін сөздер: сөзжасам, жаңартылған оқу бағдарламасы, әдістемелік стратегиялар, жаңа технологиялар, студенттерге қолдау

Abitova Zh.,¹ Suleimenova Zh.²

^{1,2} *Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

**TEACHING THE KAZAKH WORD FORMATION STUDENTS IN TRAINING UNDER THE
UPDATED CURRICULUM**

Abstract

The article investigates that the introduction of new research and changes in the teaching of word formation for Kazakh students is relevant. In the preparation of future philologists, relevant issues of teaching word formation in the Kazakh language are analyzed taking into account changes in the content of modern education. In addition, this article defines methodological strategies as possible results and solutions for teaching word formation in the Kazakh language in an updated curriculum. In addition to academic knowledge of the subject, students must master the basic skills necessary to succeed in the modern world, such as critical thinking, problem solving, communication, and interaction. The importance of supporting